



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 23 желтоқсан мен 2023 жылғы 6 қаңтар аралығындағы
жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2023 жыл, 9 қаңтар

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 6 қаңтарда теңгенің нарықтық бағамы қарастырылып отырған кезеңде 0,3%-ға (461,97-ден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 463,31 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2022 жылғы 23 желтоқсан мен 2023 жылғы 6 қаңтар аралығында бірқатар маңызды оқиға болды. Желтоқсанда АҚШ-та ауыл шаруашылығынан тыс жұмыс орындарының саны 223 мыңға өсті, жұмыссыздық деңгейі 3,5%-ға дейін 0,2%-ға төмендеді, орташа жалақының ж/ж өсуі 4,6% құрады. ҚХР ковидке қарсы шектеулерді алып тастауға кірісті, атап айтқанда, 2023 жылғы 8 қаңтардан бастап елге кірушілер үшін карантин жойылады.




Бұл факторлар негізінен дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасына ықпал етті.

Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының динамикасы¹ төмендегідей қалыптасты:



- **Мексика песосы** 1,1%-ға (19,37-ден 19,15-ке дейін) нығайды. Желтоқсандағы негізгі мөлшерлеме бойынша отырыстың жарияланған хаттамасына сәйкес, Басқарма мүшелерінің бірі Мексиканың Орталық Банкіне негізгі мөлшерлемені күткеннен тезірек көтеру қажет болуы мүмкін деп мәлімдеді, өйткені Мексикамен салыстырғанда АҚШ-та инфляцияның тез баяулау тәуекелі артып келеді;
- **үнді рупиясы** мұнай баға белгілеулерінің теріс динамикасы аясында 0,2%-ға (82,87-ден 82,73-ке дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** бюджеттік шығыстардың ықтимал ұлғаюына байланысты инфляцияның одан әрі жеделдеу тәуекелдері аясында 0,3%-ға (18,66-дан 18,72-ге) дейін әлсіреді. Желтоқсанда бағаның ж/ж өсуінің 64,3% дейін баяулауы жоғары базаның статистикалық әсерінен болды;
- **Индонезия рупиясы** капиталдың әкетілуі мен АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы аясында 0,3%-ға (15 593-тен 15 633-ке дейін) әлсіреді. Индонезияның ОБ шетел валютасына жоғары сұранысқа байланысты валюталық интервенциялар жүргізді;
- **Оңтүстік Африка ранды** басқарушы партияның экономикалық өсуді қолдау бойынша функцияларды беру мақсатында ОБ-ның мандатын кеңейту ниеті туралы хабарлар аясында 0,5%-ға (17,02-ден 17,11-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Президент жақтастарының бензин салығынан босатуды ұзартуды жоспарлап отырғаны, мұның елдің фискалдық орнықтылығына теріс әсері туралы хабарлар аясында 1,4%-ға (5,16-дан 5,23-ке дейін) әлсіреді;

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары

- **Ресей рублі** мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі аясында 2,7%-ға (70,2-ден 72,12-ге дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 23 желтоқсан = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press.nationalbank.kz

www.nationalbank.kz